



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Христиандық пен басқа діндердегі
киелі үштік түсінігі



Дәрістің мақсаты: христиандықтағы Қасиетті Үштік түсінігі мен оларға байланысты діни пікірталастар және дінбұзарлық, христиандық қалай Рим империясының мемлекеттік дініне айналғаны туралы білу.

Таслис-үштік діни танымы. Үштік – мәні жағынан бір болып келетін Құдайдың үш сипатын көрсететін христиандық ілім. Бұл үш эпитет – Құдай-әке, Ұл мен Киелі Рух. Христиандықтан ұзақ адамдарға үш түрде көрініс табатын бір болмыс жайлы күрделі концепцияны ұғыну қиынға соғатындықтан мысал келтірейік. От жанып тұр, біз оның сәулесі мен оның жылылығын сеземіз. Құдай-әке бұл от, Нұр – Құдай-Ұл, жылулық – Киелі рух. Әлбетте басқа да аналогиялар сияқты бұл да шартты түсіндірме. Үштік термині алғаш рет екінші ғасырға тән мәтіндерде пайда болады. Библияда Үштік термині бірде-бір рет кезікпейді. Алайда бұл кітапта екі рет (тек қана екі рет) Құдай-Ұл сөзінің орнына Құдай-Ұл мен Киелі Рух сөзі қолданылады. Айта кетейік, Иисустың бұл өмірбаяны оның өлімінен 50 жылдан кейін жазылған. Басқа үш канондық Інжілде мұндай сөздер кездеспейді.

Индуизмдегі үштік түсінігі. Индуизмде Тримурти түсінігі бар. Тримурти (санскр, «үш келбет») – Брахманның рухани бастауын көрсететін индуисттік пантеонының басты үш құдайын (Брахма-Жаратушы, Вишну-сақтаушы, Шиву-Талқандаушы) біріктіретін үшбірлік құдай немесе триада. Алайда Тримурти түсінігі тек орта ғасырда пайда болды, индуизмде айтарлықтай мәнге ие емес, ал қазір мүлде ұмытылған. Буддизмде Будданың үш тәні жайлы түсінік бар. Трикая – Будданың үш бірлікті болмысы, оның болмысының үш әдісі, оның үш қыры.

Үштік қағида уақытты бөлуде көрініс табады – өткен, осы және болашақ, әлемнің мифологиялық көрінісі – астыңғы жерасты, ортаңғы дүниелік және жоғары көктік әлем.

Христан үштік теологиясы және Константин. Константин – рим императоры. Ол Рим империясының астанасын Византияға көшірген, христиандықты мемлекеттік дін қылған, өзі де осы дінді қабылдаған. Алайда ол өлер алдында, соңғы сәтте дінді қабылдайды. Оның христиандықты мемлекеттік дін деп жариялауының себептері жайлы әртүрлі пікір айтылады. Ол соғыстағы шешуші шайқас алдында, түсінде Иисусты көреді. Ол өз ұлын опасыздық жасады және күдіктенген жас әйелін өлтіреді. Мұны Рим құдайлары кешпейді деп қорыққандықтан христиандықты қабылдапты-мыс. Ал егер тәубеге келсе, христиан құдайы оны кешіреді.

Логос-сөз. Христос құдайлық әлемге (қазір онда тек Құдай бар), не жалған дүниеге тән болды. Арий мен Афанасий оны шыңыраудың екі жағына орналастырды: біріншісі оны жаратылғандарға жатқызса, екіншісі Құдай патшалығына теліді... Арий Киелі Кітапты өте жетік білді және Христос Сөздің табиғаты тек біз сияқты бола алатындығын дәлелдейтін тұтас ауқымды мәтіндермен қаруланды. «Әңгімелер Кітабындағы» үзінді өте маңызды, яғни Құдай Даналықты ең бастапқыда жаратқан... Осылайша Сөз қалған жаратылыстан мүлдем ажыратылды және аса жоғары статусты иеленді... Логостың бізден ерекшелігі, оны Құдай Өзі жаратқан, ал қалғандарын Сөз арқылы жаратқан. Адамға айналған Логостың Құдай әмірін орындайтынын болжай білген Жаратушы Иисусқа о бастан Құдайлық сипат беріп дәріптеген. Дегенмен Иисустың Құдайлығы әуелден бар емес, бұл – тек сыйлық, марапат.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. М.Элиаде кітабын және басқа деректерді қолдана отырып, христиандық жетістікті дінге айналу себебін түсіндіріңіз.
2. Христиандықта, грек философиясында Логосты қалай түсінеді?
3. Википедиядан сай келетін мақалаларды қолдана отырып, Құдай Рух және Қасиетті Рух туралы айтқан Библияның үзінділерін талдаңыздар.
4. Ориген, Арии және Ұлы Афанасидің өмірбаянын дайындаңыздар.
5. Қалай ойлайсыз, діни ілімнен хабары жоқ император Константинді өзінің дұрыстығына Афанасий қалай көзін жеткізді? 1 Никей жиынындағы Арии мен Афанасий арасындағы диспуттың көрінісін қойыңыздар.



Бақылау сұрақтары

1. Қасиетті Үштік деген не?
2. Христиандықтың Қасиетті Үштігіне кім кіреді?
3. Христиандықта «Логос» деген түсінік нені білдіреді?
4. Христиандықта Қасиетті рухтың қызметі қандай?
5. Никей жиыны қашан болды, ол нені тұжырымдады?
6. Сенім символы дегеніміз не?